



газета издаётся с 26.06.2004 года

ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 09/601

01 марта 2019 года

Вестник

Назарда әлеуметтік ахуал

Событие

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ XXVII СЪЕЗІНЕН СҮЙІНШІ ЖАҢАЛЫҚ

Ақпан айының 27-жұлдызы, сәрсенбі күні Астана қаласындағы Тәуелсіздік Сарайында «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезі өз жұмысын бастады. Елбасы әрі «Нұр Отан» партиясының төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төрағалығымен өтіп жатқан кезекті XVIII съезіне еліміздің әр түкпірінен екі мыңдай делегаттар қатысса, соның ішінде біздің аймағымыз Қарағанды облысынан 92 делегат келді. Оған Қазақстан Республикасының Президенті, партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысуда. Съезде алдағы онжылдыққа арналған «Нұр Отан» партиясының Бағдарламасы қаралады.

Съезде Мемлекет басшысы еліміздегі тұрмысы төмен және көп балалы отбасылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселесін бірінші кезекте көтеріп, съез қатысушыларын бір желпінтіп тастады. Атап айтар болсақ, Елбасы өз сөзінде: «Тұрмысы төмен азаматтарға және көпбалалы отбасыларға көмек көрсету керек. Әр қазақстандық отбасы жүргізіліп жатқан реформалардың тиімділігін болашақта емес, дәл бүгін сезінуі тиіс. Әсіресе, көпбалалы отбасыларды қолдауды күшейту қажет деп са-

наймын», - деді. Оның айтуынша, елімізде 340 мыңнан астам отбасында кемінде төрт бала бар. Жыл сайын баласы бар отбасыларды қолдауға 500 миллиард теңге бөлінеді. Көпбалалы отбасыларға мемлекеттен тарапынан бірқанша жеңілдік бар екендігі белгілі. Осыны айта келіп партия төрағасы: «Бірақ, әр отбасының кірісі әртүрлі. Біреуінікі аз, біреуінікі орташа, енді бірінікі көп. Осыны ескеру керек. Миллионерлерге мемлекеттен қосымша көмек көрсетіп не керек. Мемлекет, ең алдымен табысы төмен көпбалалы отбасыларға көмек көрсетуі тиіс. Атаулы әлеуметтік көмек алуға құқылы баласы бар отбасыларды қолдау үшін көпбалалы отбасыларда әр балаға ең төменгі төлемді 21 мың теңге шамасында бекітуді тапсырамын», - дегенді қадап айтты.

«Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезіндегі елдің көкейіндегі ең түйкілді тұсын Елбасының бұл тапсырмасы осы сәттен бастап-ақ қазақстан халқының кең қолдауына ие болып жатқанын айта кеткеніміз жөн.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР ЖО мүшесі.

ОТКЛИК НА СОБЫТИЕ

Меня, как учителя, особенно воодушевило поручение Главы государства по постройке более 40 тысяч арендных квартир для малообеспеченных семей. Среди моих знакомых, друзей, особенно родителей это вызвало огромный позитивный резонанс.

Особенно актуальным прозвучали слова Президента о разработке льготного механизма по предоставлению жилищных займов 2-3% годовых через систему Жилстройсбережения. И все это подкрепляется поручением по ежегодному выделению на эти цели 50 млрд. тенге.

И как работника соцсферы, меня не оставляет равнодушной цифра, озвученная нашим Елбасы - 45%! Именно такой процент расходов республиканского бюджета направляется на социальную сферу.

Все эти меры не просто голословны, они уже начали работать! Я вижу это каждый день, и думаю о том, насколько продуманно, пошагово Глава государства развивает важнейшую сферу нашей жизни.

А. В. Гладкова,
учитель русского языка
и литературы ОШ №2 г.Приозерск

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ШІКІР

2019 жылдың 27 ақпанында Астанада, елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезі өтті. Екі мыңға жуық адамды құраған съезд партия туралы деректі филіменен бастау алды. Жиын барысында халықтың әл ауқатын жақсарту мақсатындағы өзекті мәселелер сөз етіліп, көптеген күрмеуі шиеленісіп жүрген жағдайларды шешу үшін Үкіметке бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Солардың бірі – «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жағдайы төмен көпбалалы отбасыларға арналған 40 000 нан аса жалдамалы тұрғын үй салу. Елбасы ол үшін жыл сайын қосымша 50 млрд теңге бөлінетінін

мәлімдеді. Осы ретте «Үкіметке көп балалы отбасыларға, толық емес отбасыларға, мүгедек балалары бар отбасыларға ТҚЖБ арқылы 3-4 пайызбен тұрғын үй несие беруді бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын» деді Мемлекет басшысы. «Биыл әлеуметтік салаға республикалық бюджеттің 45 пайызы жұмсалмақ. Бірақ әлеуметтік блокта бірқатар мәселе бар.

Сондықтан мен халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін Ұлттық қордан ақша бөлу туралы шешім қабылдадым» - деді Н.Ә. Назарбаев.

А. Жолдасбаев,
Жастардың ресурстық орталығының
заңгері

ПОРУЧЕНИЯ ПРЕЗИДЕНТА НА XVIII СЪЕЗДЕ ПАРТИИ "НҰР ОТАН"

Выступая на XVIII съезде партии "Нур Отан", Президент РК Нурсултан Назарбаев дал поручения новому составу Правительства для улучшения социальной жизни населения Казахстана. Основные месседжи и что может измениться в Казахстане, расскажет корреспондент Kazpravda.kz.

рядка 100 тысяч казахстанцев. На реализацию данных мер дополнительно будет выделено 300 миллиардов тенге на 2019-2021 годы. Но при этом, данная категория граждан должна быть официально трудоустроена.

При этом для многодетных семей будут созданы условия для работы на дому. А для



Так, для повышения качества жизни казахстанцев дополнительно в бюджет страны будет выделено 1,3 трлн тенге.

В рамках программы "Нурлы жер" будут построены более 40 тысяч арендных квартир, преимущественно для малообеспеченных семей из числа многодетных. Для этого в ближайшие семь лет будет выделяться дополнительно 50 миллиардов тенге ежегодно.

Также будет повышена доступность приобретения жилья для многодетных и неполных семей, семей, в которых есть дети с ограниченными возможностями, а также имеющих низкие доходы. Для этого будет разработан льготный механизм предоставления жилищных займов под 2-3 процента через систему ЖССБ. На эти цели из республиканского бюджета ежегодно будет выделяться банку 50 миллиардов тенге.

Для качественной реализации трехязычия в Казахстане Президент предложил не заставлять местных учителей сию секунду выучить английский язык, а приглашать из-за рубежа педагогов, способных на английском преподавать физику, математику и химию. Пока это только инициатива.

Будут повышены критерии оказания адресной помощи до 70 процентов от прожиточного минимума многодетным и малообеспеченным семьям. Так, минимальная выплата на каждого ребенка в многодетных семьях составит около 21 тысячи тенге.

Елбасы поручил принять меры и начать уголовное преследование коррумпированных руководителей таможенных органов и навести порядок в сфере государственных закупок.

Кроме того, Нурсултан Назарбаев поручил повысить на 30 процентов пособия родителям, опекунам и семьям, воспитывающим детей-инвалидов. Это положительное изменение коснется по-

многодетных семей на селе - выделяют отдельные квоты, гранты и микрокредиты. Реализацию этих поручений будет совместно осуществлять Правительство, акимы, партия "Нур Отан" и НПП "Атамекен".

С 1 июля 2019 года зарплата для работников бюджетных сфер будет повышена на 30 процентов. Это изменение коснется врачей, учителей, сотрудников полиции и других специалистов, получающих зарплату из бюджета страны. На эти цели в 2019-2021 годы дополнительно будет выделено 980 миллиардов тенге. Программа заденет напрямую 1 миллион гражданских служащих.

Нурсултан Назарбаев потребовал от Правительства повысить качество дорог и решить проблему окраин крупных городов. Для этого дополнительно будет выделено 350 миллиардов тенге. При этом Глава государства отметил, что если эти деньги нормально использовать, то к 2025 году можно улучшить состояние 95 процентов автодорог областного и местного значения.

Президент не оставил без внимания и сельских жителей. Для улучшения благосостояния 7,5 миллиона жителей села Правительство совместно с акимами и маслихатами должны провести отбор сел, имеющих перспективы, и развивать там социальную сферу, создавать интернаты. В этой связи Президент поручил Правительству разработать предложения по реализации специального проекта "Ауыл – Ел бесігі" и обеспечить его финансирование в размере 90 миллиардов тенге на 2019-2021 годы.

Напомним, 23 января 2019 года, выступая на торжественной церемонии открытия Года молодежи, Президент Нурсултан Назарбаев озвучил несколько инициатив в поддержку молодого поколения Казахстана.

Источник: www.kazpravda.kz.

Төле бидің Жетес балаға берген батасы

Бір үйдің баласы болма, Көп үйдің санасы бол!
Бір елдің атасы болма, Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма, Көп көлдің ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала, аумин, Қараны қарала
Өзегің талса өзен бойын жағала,
Басыңа іс түссе көпшілікті шағала.
Өзіңе-өзің кәміл бол. - Халқыңа әділ бол,
Жауыңа қатал бол! Досыңа адал бол! Аумин!

1-Наурыз – Алғыс айту күні

К сведению населения

АЛҒЫС АЙТУ – АДАМИ БЕЛГІ

2015-жылдың сәуір айында Қазақстан халқы Ассамблеясының «Мәңгілік Ел: бір ел – бір тағдыр» тақырыбымен басталған XXII сессиясының ашылу салтанатында сөз сөйлей отырып, Назарбаев бүгінгі қазақ жерінде тұрып жатқан халықтардың бізге түгелдей жер аударылғанын еске алған еді. «Сталин режимінде әр жылдары, өздеріңіз білетіндей, халықтар түгелдей жер аударылды. Оларды вагондардан ауылдарға тастап кете берді, олардың еш дүниесі болған жоқ. Сол уақытта бұл далада өздері мұқтаж бола отырып, оларды саман үйлеріне қабылдаған қазақтар, қазақ отбасылары ғана өмір сүрді», – деді Президент. Н.Назарбаев сол кезде өз отбасының жер аударылғандарды қабылдаған алғашқы еске алды. «Саманнан жасалған екі бөлмелі там үйде тұрған біздің отбасы үш баласы бар жанұяны қабылдап алды. Әрдайым олардың бөлменің бір бұрышына жиналған көз алдында елестете беремін, олар қорқып тұрды. Киімдері жыртылған, аш, тозып кеткен. Олар біздің отбасыда өмір сүрді, жұмыс істей бастады, олар бізге өмір бойы алғыс айтып өтті. Мен оның балаларымен дос болдым», – деді ол.

өзінің қайталанбас өрнегін салуының нәтижесінде біздің біртұтас ұлтымыз бірегей артықшылықтар иесіне айналған атап өткен еді. Алғыс айту күні – Қазақстан халқының мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпұлттық патриоттық идеясының, қазақстандық бірегейліктің негізгі арқауы – еліміздегі барлық ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына топтастыратын Қазақстан халқы Ассамблеясының күні.

Тарихқа жүгініп, деректерге қарап отырсақ, «Алғыс айту күні» әлем елдерінде бар екен. АҚШ және Канада халықтары «Алғыс айту күні» қараша айының әрбір төртінші бейсенбінде атап өтетін көрінеді. Атаулы күн алғаш рет 1621-жылы ағылшындық колонистердің бастамасымен тойланған. Қыс мезгілі өте ауыр болып, адамдар аштыққа ұшырағандықтан губернатор Уильям Брэдфорд қол астындағылардың көңіл-күйін көтеру үшін «Алғыс айту күнін» белгілейді. Айналадағы басқа да көршілер бұл дәстүрді жылы қабылдап, қаһарлы қысты аман-есен өткерді. Олардағы рақмет, алғыс айту күнінің басты нышандарының бірі – түйе тауық. Себебі,



«Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні – 1-наурыз осылайша барлық ұлттың бір-біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға «Алғыс айту күні» деп белгіленді. Алғыс айту күнін мерекелеудің жаңа дәстүрі «Мәңгілік Ел» бірлігін ортақ тарих және тарихи сана негізінде нығайту мен дамытудың мән-мәтінінде қазақстандық құндылықтарды бейнелейді. Осы күн тағдыр тоғыстырған Қазақстанның көпшілігі халқының ортақ тарихын құрметтеу күні болады. Алғыс айту күні – қайырымдылық дәстүрлерін, әлеуметтік ынтымақты және өзара көмек көрсетуді қолдау күні. Бұл – репрессия мен жер аудару жылдарында біздің халық көрсеткен мейрімділік пен ақ көңілдік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету, атадан мұра болып келе жатқан садақа жасау сұнды рухани дәстүрлер күні. Алғыс айту күні қазақстандық патриотизмнің, достық пен бірлігіміздің, мәдени саналандығымыздың жарқын күні, себебі Елбасы 100-ден аса этностың әрқайсысы

ағылшындық колонистер мерекені алғаш тойлағанда орманда атылған төрт түйе тауықты жеген екен. Кейіннен, яғни, 1789-жылы Джордж Вашингтон Рақмет айту күнін «Ұлттық мереке» деп жариялаған. Бұл күні барлық отбасы міндетті түрде дастарқан басына жиналып, туыстарына жақсылық жасауға асығады, жақындарын қуанту үшін түрлі тосын сыйлар ойлап табады. Қаладағы метроларда ерекше үстелдер орнатылып, адамдар ақша, азық-түліктерін қайырымдылыққа екіліп қояды екен. Міне, бізде де әлемдік қауымдастықтағы осы жақсы дәстүр жалғасын тапты деп ойлаймыз.

Біздің мекеніміз болған Приозерск қаласында да өзге ұлт өкілдері өзімізбен бірге бейбіт-қатар өмір сүріп жатқанына куәміз. Ұлттар арасын жақындатуға, мәдениет және өнер жағынан жақындатуға түсетін славян халықтарының «Исток», азербайжан ағайындардың «Арзу» этномәдени бірлестіктері жұмыс жүргізуде. Олардың өткізетін мәдени-көпшілік шараларына біздер де қатысып, атсалысамыз, олар біздің той-томалағымыз бен ішара, мерекелерімізге араласады. Себебі олар біздің қаланың тұрғындары, құдайы көршілеріміз, арасында біздің дос-жолдас-тартымыз да жетерлік. Ұлттар мен этностардың ауызбірлігі мен татулығының белгісі болған «Алғыс айту күні» мерекесі баршаңызға құтты болсын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
журналист-ақын.

ҚР Президентінің Жолдауы

ҚАЛАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ-НАСИХАТТАУ ТОБЫ ӨЗ ЖҰМЫСЫН ЖАЛҒАСТЫРУДА

Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әулақатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын насихаттау мақсатында а.ж. 20 ақпан күні Приозерск қаласы әкімдігі жанындағы коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасының қызметкерлерімен кездесу өтті. Ақпараттық-насихаттау тобының мүшесі: Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Темірхан Айдарханұлы Айдарханов Жолдаудың негізгі бағыттарын және «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты мемлекет басшысының халыққа үндеуін түсіндірді. Жолдауда халықтың тұрмыстық сапасын арттыруға қатысты, ахуалына әсер ететін маңызды мәселелер көтерілгені жеткізді. Денсаулық сақтаудың, тұрғын үйдің, әрбір азаматтың жайлы және қауіпсіз өмір сүру сапасы мен қолжетімділігі мәселелеріне тоқталды. Қазіргі кезеңде олардың орындалуына көңіл бөлу керектігін ескертті. Елбасымыздың халыққа Жолдауында атап өткендей сыбайлас жемқорлықпен күрес алдағы уақытта жалғасатыны туралы да сөз қозғады. Ал, Приозерск қаласының ішкі саясат,



мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тіл маманы Таңшолпан Төлеуғазықызы Тукенова, жаңа қазақ тілі әліпбиі негізіндегі латын графикасымен таныстырып, жалпы латын әліпбиіне көшудің тиімділігі мен маңыздылығы турасында айтып өтті. Сонымен қатар, Қарағанды облысы әкімдігінің 2017 жылғы 31 қазандағы №68/02 қаулысы мен Қарағанды облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 3 қарашадағы

№245 шешімі негізінде және 2018 жылғы 27 ақпандағы №08/03 қаулысы мен 29 наурыздағы №297 шешімі негізіндегі атауы өзгерген көшелер туралы ақпарат берді.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ
МЕЖВЕДОМСТВЕННОГО ШТАБА
ПО КООРДИНАЦИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ
ГОСУДАРСТВЕННЫХ ОРГАНОВ,
НАПРАВЛЕННОЙ НА ПРОТОВОДЕЙСТВИЕ
НАРКОМАНИИ И НАРКОБИЗНЕСУ
ЗА 2018 ГОД

Сегодня, несомненно, одной из наиболее серьезных задач, стоящих перед мировым сообществом является проблема распространения наркомании и наркобизнеса, поскольку она создает реальную опасность здоровью людей, генофонду любого государства и нередко является источником финансовых средств, направляемых на осуществление террористической деятельности.

Для координации деятельности, направленной на противодействие наркомании и наркобизнеса постановлением акимата города Приозерск утвержден состав комиссии по борьбе с наркоманией и наркобизнесом в городе Приозерск. Председателем комиссии по борьбе с наркоманией и наркобизнесом в городе Приозерск при акимате является заместитель акима города.

Комиссия работает согласно утвержденному плану работы. За 2018 год было проведено 4 заседания комиссии. Были рассмотрены следующие вопросы:

- о поддержке неправительственных организаций, занятых в сфере профилактики наркомании, лечения и реабилитации наркозависимых лиц, а также освещение антинаркотической деятельности в СМИ согласно медиа-плана;

- о состоянии наркоситуации в городе, меры по борьбе с наркоманией и наркобизнесом;

- о проведении мероприятий в сфере профилактики наркомании и наркобизнеса (семинары-тренинги, конференции, фестивали, акции, круглые столы и т.д.), размещение наружной социальной рекламы на билбордах, плакатах в общедоступных местах города;

- о проведении предупредительно-профилактической работы по недопущению потребления и распространения

наркотических средств в учебных заведениях. Организация летнего оздоровительного сезона для детей и подростков с девиантным поведением;

- о подготовке, организации и проведении профилактических и антинаркотических мероприятий посвященных Международному Дню борьбы с наркоманией и незаконным оборотом наркотиков;

- о проведении комплекса мероприятий по раннему выявлению наркомании среди молодежи;

- об исполнении мероприятий и достижении целевых индикаторов в сфере борьбы с наркоманией и наркобизнесом, включенных в Государственную программу развития здравоохранения Республики Казахстан «Денсаулық» на 2016-2019 годы;

- проведение социологического опроса по изучению наркоситуации в городе Приозерск;

- проведение спортивных мероприятий, просветительской работы и антинаркотической пропаганды для различных целевых групп населения, направленной на воспитание негативного отношения к потреблению наркотических средств и пропаганду здорового образа жизни;

- о проведенный рейдов (в том числе в вечернее время суток): в местах компактного проживания и досуга молодежи по выявлению фактов немедицинского употребления алкоголя в общественных местах;

По рассмотренным вопросам были приняты необходимые меры для улучшения работы и контроля.

Рақыш А.

секретарь межведомственного штаба по координации деятельности государственных органов, направленной на противодействие наркомании и наркобизнесу

Жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуі

ЖАСТАРҒА АЗАМАТТЫҚ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ: ЖҰМЫСТЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» - деп атап өткен болатын.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, тәуешілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Бұл жастарға этнопедагогикалық негізде білім беріп, патриоттыққа тәрбиелеу ісіне нұсқау әрі оның қажеттілігін айқындайтын бағдарлама деуге болады.

Сол сияқты тәрбие тұжырымдамасында тәрбие үдерісін ұйымдастырудың қағидаларында этникалық қағида этникалық мәдениет негізінде жалпы ұлттық мәдениеттің гүлденуіне ықпал жасайтын мәдениет жасаушы ортаны қалыптастыруды, азаматтық келісім жөнінде атап көрсеткен.

Азаматтық-патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю және құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс. Балалар мен жастардың азаматтық патриоттық білім беру ұйымдарында азаматтық құқықтық, патриоттық тәрбие беруде мазмұны мен әдіс тәсілдер мен оқу тәрбие құрылымының өзара іс-әрекеттік негізінде деңгейін көтеру белгіленген.

Осы орайда, қалада жастарға патриот-тық тәрбие беруге ықпал ететін бірнеше қоғамдық ұйымдар бар. Олар: республикалық «Жас

Отан» жастар қанаты, «Жастар Жастарға» қоғамдық бірлестігі. «Жас Отан» құрамына 438 жас тіркелген. Қаламызда жастар саясатын толыққанды жүзеге асыру үшін 2019 жылы Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы жанында «Коворкинг орталығы» ашылу жоспарланған. Орталықтың «Приозерск жастары» атты ерікті белсенділер тобы қаламыздың барлық мерекелік, қоғамдық, қайырымдылық, спорттық іс-шараларына белсенді түрде қатысады. Жастар ресурстық орталығының атсалысуымен қалада «Қайнар» аула клубы, «Приозерск» жайдарман клубы ашылды. Қаламыздың 06708 әскери бөлімі мен 44841 әскери бөлімінде «Жас Зеңбірекші» мен «Сағадат» атты әскери патриоттық клубтары тіркелген.

2018 жылы жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 53 іс-шара ұйымдастырылып өткізілді. Оның ішіндегі ауқымды іс-шараларға «Ауған соғысының ардагерлері мәңгі есте», «Мен Отан қорғаушымын» әскери-патриоттық акциясы, «Ағаш отырғызайық» акциясы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне арналған мерекелік шара мен автоделюшеру акциясы, «Жас патриоттар мектебі», «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» кеші, «Күміс көмей, жез таңдай» аймақаралық патриоттық әндер конкурсы, «Қоржынтүбек қаласы – Балқаш көлдің жағасы» атты жайдарман ойыны, «Мен қазақша сөйлеймін» акциясы, ұлттық ойындарымызды насихаттау мақсатындағы «Алтын сақа» турнирін жатқызуға болады.

Г. Шәрбекова,

Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы



Жоба

Проект

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2017 ЖЫЛҒЫ 31 ҚАҢТАРДАҒЫ № 4/30 «МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы», Заңдарына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Приозерск қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы № 4/30 «Мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы туралы» қаулысының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Сәденовке жүктелсін.

3. Осы қаулы 2019 жылдың 1 наурызынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Қала әкімі

Қ. Камзин

Приозерск қаласы әкімдігінің 2019 жылғы _____ № _____ қаулысына қосымша

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТАУАРЛАРДЫҢ, ЖҰМЫСТАРДЫҢ, КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

Table with 2 columns: r/p №, Атауы. It lists various goods and services to be procured, including budgetary items, construction, and maintenance.

О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ОТ 31 ЯНВАРЯ 2017 ГОДА № 4/30 «О ЕДИНОМ ОРГАНИЗАТОРЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК»

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках», акимат города Приозерск ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Приложение к постановлению акимата города Приозерск от 31 января 2017 года № 4/30 «О едином организаторе государственных закупок» изложить в новой редакции согласно приложению к данному постановлению.

2. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Саденова Д. Ш.

3. Настоящее постановление вводится в действие с 1 марта 2019 года и подлежит обязательному опубликованию.

Аким города

К. Камзин

Приложение к Постановлению акимата города Приозерск от _____ 2019 года № _____

ПЕРЕЧЕНЬ ТОВАРОВ, РАБОТ, УСЛУГ, ПО КОТОРЫМ ГОСУДАРСТВЕННЫЕ ЗАКУПКИ ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ЕДИНЫМ ОРГАНИЗАТОРОМ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ЗАКУПОК

Table with 2 columns: № п/п, Наименование. It lists categories of goods, works, and services to be procured, such as homogeneous goods, works related to construction, and services.

“ЖАСТАР ЖЫЛЫ” АЯСЫНДАҒЫ ҚЫСҚЫ БАЛЫҚ АУЛАУ ТУРНИРЫ

Қысқы спорт

Қаламызда осымен бірнеше жыл қатарынан қала балықшылары уақыттарын қысқы өткізуге мүмкіндік беретін қысқы балық аулау турниріне қатысып келеді. Ағымдағы жылдың 16 ақпаны күні «Балқаш» көлінің «Тюльпан» жағажайында «Жастар жылы» аясында жергілікті әуесқойлар үшін қысқы балық аулау турнирі ұйымдастырылды.

аулау сайысына барлығы 26 адам өтінім тапсырды. Сайыс талабы бойынша балық аулауға әр қатысушыға 4 сағат берілді. Олар осы уақыт аралығында мұзды оюға, алғаш балығын ұстауға, қармағына ең көп балықты түсіруге тиіс болатын. Сайыстың қорытындысы бойынша: 1 – орынды Балапанов А., 2 – орынды Петров Д., 3 – орынды Алексеев А. иеленді. Жоғарыда аталған турнир жеңімпаздары және «Ең жас балықшы», «Ең үлкен балықшы» және «Үздік бұрғылау» номинациялары бойынша

анықталған жеңімпаздар бағалы сыйлықтармен, алғыс хаттарымен және кубоктармен марапатталды. Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы



**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАҢДАР!**

Біздің кітапхана «Батылдық» - «Мужество» жобасы аясында 2019 жылы «Әскери жәдігерлерді сақтайық» акциясын жариялайды.

Аталған акция Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына арналған іс-шаралар мен көрмелердің экспонаттары ретінде одан әрі пайдалану үшін хаттарды, фотосуреттерді, марапаттау кітапшаларын, құжаттарды, пошта ашықхаттарын және басқа да әскери жәдігерлерді жинау мақсатында ұйымдастырылды.

Акция жыл бойы өтеді.

«Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне тапсырылған соғыс жылдарының жәдігерлері ұрпақтарымыз үшін сақталады және өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге қызмет етеді.

Жүрекке жылы тиетін, әр отбасы үшін қымбатты сарғайған құжаттар өскелең ұрпаққа соғыс туралы барлық шындықты жеткізе алады.

Сіздерді «Әскери жәдігерлерді сақтайық» акциясына белсенді қатысуға шақырамыз!

Акцияның өту мерзімі: 2019ж. ақпан-желтоқсан

Әскери жәдігерлер 2019-2020 жылдар аралығында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына арналған іс-шаралар мен көрмелердің экспонаттары ретінде пайдаланылады. Мерейтой күні – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығы қарсаңында 2020 жылы «Жалынды жылдар шежіресі. Мәңгі есте сақталатын беттер» Әскери отбасылық жәдігерлердің кеңейтілген қорытынды көрмесі ашылады.

«Батылдық» - «Мужество» жобасы аяқталғаннан кейін тапсырылған экспонаттар иелерінің қалауы бойынша қайтарылатын болады.

Біздің мекен-жайымыз: «Приозерск қалалық кітапханасы» КММ
тел.: 8 (71039) 52541, E-mail: prio.biblioteka@mail.ru, http://www.priolib.kz

УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Наша библиотека, в рамках проекта «Батылдық» - «Мужество», объявляет в 2019 году акцию «Сохраним военные реликвии».

Данная акция организована с целью сбора писем, фотографий, наградных книжек, документов, почтовых открыток и других военных реликвий для дальнейшего использования их в качестве экспонатов мероприятий и выставок, приуроченных к 75-летию Победы в Великой Отечественной войне.

Акция будет проходить в течение всего года.

Приносите реликвии военных лет в КГУ «Приозерская городская библиотека», где они будут, не только сохранены для потомков, но и послужат патриотическому воспитанию подрастающего поколения.

Эти трогательные, дорогие каждой семье пожелтевшие документы расскажут подрастающему поколению всю правду о войне.

Призываем принять активное участие в Акции «Сохраним военные реликвии»!

сроки действия акции: февраль-декабрь 2019г.

Военные реликвии будут использоваться в качестве экспонатов мероприятий и выставок, приуроченных к 75-летию Победы в Великой Отечественной войне в период 2019-2020г.г. В канун юбилейной даты – 75-летия Победы в Великой Отечественной войне в 2020 году откроется расширенная итоговая Выставка военных семейных реликвий «Летопись огненных лет. Вечно живые страницы».

Сданные экспонаты, по желанию владельцев, по завершению проекта «Батылдық» - «Мужество», будут возвращены.

Наш адрес: КГУ «Приозерская городская библиотека»

тел.: 8 (71039) 52541; E-mail: prio.biblioteka@mail.ru; http://www.priolib.kz

Сақ болыңыз, туберкулез!

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Туберкулез – инфекциялық жұқпалы ауру. Инфекция көзі науқас адам болып табылады. Жұғу жолы ауа – тамшылы, яғни науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлегенде туберкулез қоздырғышы сау адамның тыныс жолдары мен өкпесіне түсіп, ауру тудырады.

Туберкулез ауруы ұзақ уақытқа созылған жөтел, асқа табеттің төмендеуі, салмақ жоғалту, жалпы әлсіздік, шаршағыштық, қатты тершендік, әсіресе түнгі мезгілде, жұмысқа деген қабілетінің төмендеуі, дене қызуының көтерілуі және кеуде қуысының ауруы сияқты шағымдардан басталады.

Аурудың алғашқы кезеңінде сырқатты анықтаудың жолы флюорографиялық (немесе рентгенографиялық) тексеру болып табылады. Жыл сайынғы флюорографиялық тексеру – өкпе туберкулезі мен басқа да кеуде қуысы ағзаларының ауруларын анықтайтын сенімді және қауіпсіз әдіс. Жүйелі түрде тексеруден өту арқылы дертті уақытылы анықтап, туысқандарыңыздың және айналадағы адамдардың ауруға шалдығуының алдын алуға болады.

Балалар арасында туберкулез ауруын ерте анықтау Манту сынамасын қою арқылы жүргізіледі. Манту сынамасы – ол өкпе (прививка) емес, аллергиялық сынама.

Босану үйлерінде барлық дені сау жана туған нәрестелерге алғашқы төрт күн ішінде

егу кабинетінде вакцинация жүргізіледі. Одан әрі 6-7 жасында БЦЖ екпесімен қайта егілуге жатады.

БЦЖ екпесін алмаған бала, туберкулезге шалдыққан науқаспен байланысқан кезде туберкулезді тез жұқтыру қаупі жоғары болады.

Туберкулезбен ауырған адам, өздігімен емделмей, дер кезінде дәрігерге қаралып, дәрігер тағайындаған емді бұлжытпай қабылдаған жағдайда толық айығады. Емін бұзған жағдайда аурудың асқынуы және туберкулездің көп дәріге төзімді түрлерінің пайда болу қаупі туындайды.

Уақытылы флюорографиялық тексеруден өту, балаларға Манту сынамасын қою арқылы ауруды ерте сатысында анықтауға болады және БЦЖ екпесін алу, салауатты өмір салтын ұстану, тиімді тамақтану (керекті мөлшерде тамаққа ет, сүт тағамдарын, балық, дәнді дақыл өнімдерін, көкөністер мен жемістерді пайдалану), дене шынықтыру белсенділігін арттыру, уақытында тынығу, қоршаған орта тазалығын сақтау, темекі шегуден, ішімдік ішуден, есірткі қолданудан бас тарту, ошақтағы балалар мен жасөспірімдерді санаторлық типтегі мекемелерде, шипажайларда сауықтыру туберкулез ауруының алдын алады.

Приозерск қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ СОТЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Приозерск қалалық сотында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті.

Аталған іс шараға Сот төрағасы, судья, Прокуратура, Ішкі істер бөлімінің өкілдері, нотариустар, коммуналдық қызмет көрсету мекемелерінің өкілдері қатысты.

Сот төрағасы Бағдат Ахметович Әдепбеков «дөңгелек үстелде» сөз сөйлей отырып, 42 заңнамалық актіге, оның ішінде 11 кодекске енгізілген өзгерістер мен түзетулер туралы айтты.

Сот төрағасы өз баяндамасында аталған заң жобасының басты мақсаты даусыз істердің көпшілігін нотариустардың қарамағына беру, азаматтарға қолайлы жағдай жасау. Әр аудан, қала, облыс орталықтарында нотариустар бар болғандықтан, азаматтарға нотариалдық жазба алу оңай және ыңғайлы тұстарын баяндады.

Сот жүктемесін оңтайландыру мақсатында заңда даулар болмайтын істер нотариуска берілді. Халықты электр қуаты, жылу, байланыс, су және басқа коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ететін кәсіпорындар тұтынылатын қызметтерге, берешекті нотариус арқылы атқарушы жазба негізінде өндіріп алуға міндетті.

Сонымен қатар, сот жүктемесін оңтайландыру мақсатында, заңмен, соттар қарайтын сот орындаушыларының қаулыларын санкциялаудың 18 түрінен, тек қана санкциялардың 2 түрі – борышкердің Қазақстан Республикасынан



тыс жерлерге шығуына алып келу және шектеуді, сот санкциялайтын болады деп атап өтті.

Сондай-ақ, ҚР Қылмыстық кодексіне ұрлықтардың қайталануы үшін жауапкершілікті күшейтетін өзгерістер енгізілгенін. Жаңа заң бірнеше рет жасалынған ұрлықты, орташа ауырлық дәрежесінен ауыр қылмыстар санатына ауыстырды. Енді бірнеше рет ұрлық жасаған қылмыскер жәбірленуші тараппен татуласуға мүмкіншілігі болмайды. Қайта ұрлық жасағаны үшін екі жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу немесе мүлкіті тәркілеу арқылы сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылғанын айтып тілге тиек етті.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша қатысушылар Қазақстандағы құқықтық реформа бірінші кезекте азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделерін қорғауға, сот ісін жүргізуді оңайлатуға және заңның үстемдігін қамтамасыз етуге бағытталғандығы туралы бірыңғай пікір білдірді.

Приозерск қалалық сотының баспасөз қызметі

ЛАТЫН ӘЛІПБИНДЕ ОҚЫП ҮЙРЕНЕЙІК!!!**КИРИЛ ҚАРПІМЕН**

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға.

А. Құнанбайұлы

Ана үшін аянба – ант ұрады,
Бала үшін аянба – бетің күйеді.
Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба – жігіттіңе сын.

Б. Момышұлы

Туған тілім- тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Өссе тілім, мен де бірге өсемін.
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін.

Ә.Тәжібаев

ЛАТЫН ӘЛІПБИ НЕГІЗІНДЕ

Aqyrın júrip, anyq bas,
Eńbegiń ketpes dalaǵa.

Ústazdyq qyłǵan jalypqas ,
Úiretyden balaaǵa.

А.Қunanbauly

Ana úshin ayanba – ant urady,
Bala úshin ayanba – betiń kúiedi.
El úshin ayanba – erligińe syn,
Jurt úshin ayanba – jigittińe syn.

В. Momyshuly

Týǵan tilim- tirligimniń aıǵaǵy,
Tilim barda aıtylar syr oıdaǵy.
Ósse tilim, men de birge ósemin.
Óshse tilim, men de birge óshemin.

А.Тájibaev

Т.Туменов

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ латын әліпби бойынша әдіскер

ХАБАРЛАНДЫРУ

Приозерск қаласының Қоғамдық кеңесінің мүшелері әрсенбі сайын сағат 17.00-ден 18.00-дейін Балқаш көшесі, 5 мекен-жайында, қалалық мәслихат ғимаратының 2-қабатында, азаматтарды қабылдау жүргізеді.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Члены Общественного совета города Приозерск проводят прием граждан по средам с 17.00 до 18.00 часов по адресу: ул. Балхашская, 5, в здании городского маслихата, 2-этаж

НАБЛЮДАТЕЛЬНОЕ ДЕЛО

Открыто после смерти Сатмаганбетова Шыңғыса Серикболовича, умершего 08 декабря 2018 года. Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б., по адресу: г.Приозерск, ул. Кисунько, д1Б, тел.8-775-162-70-05

ПРОДАЕТСЯ

3-х комнатная квартира в 3-этажном доме (безподвальном) по адресу: г. Приозерск, ул. Агыбай батыра, 3-20, общей площадью 73,5 кв.м., жилой площадью 49,6 кв.м. Комнаты раздельные. Цена договорная. Обращаться по телефонам 8-7077320164 и 8-7759296440 (ватсапп).

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 09/601. Тираж: 500 экз., объем - 1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.